Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Мичурин жалпы білім беретін мектебі» КММ

ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА
вариативтік курстың оқу бағдарламасы

3 «Ә» сынып

2022-2023 оқу жылы

Мұғалім: Базарбай Г.А

Түсінік хат

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде жаңа технологияны қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізіліп келеді.Оның бастыларының бірі бірегейлі – білім мазмұнын ұлттық негізінде жетілдіре түсіп, білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру.Сол себепті оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологияларды кең көлемде енгізу талап етіледі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан » атты халыққа жолдауында оқушыларды қазіргі заманға сай жаңа технологиямен оқыту маңызды екенін атап көрсетті. Қазақстан Республикасы «Білім туралы » Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу » деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс –тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда.

Бұл таңдау курсында математика сабағына деген оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытатын қисынды есептер кешені жинақталған. Жұмыс түрлері; «Амалдардың қасиеті», «Нөлмен аяқталатын сандарды көбейту және бөлу», «Фигуралардың көлемдерін салыстыру», «Сыйымдылық және көлем», «Көбейтудің қосуға қатысты үлестірімділік қасиеті және оны қолдану», «Разрядтық қосылғыштарға жіктеу арқылы екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту», «Тура теңдіктердің қасиеті», «Құрылымы күрделі теңдеулерді шешу», «Санның квадраты, санның кубы», «Екі таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша бөлу», «Жүздіктерді жүздіктерге ауызша бөлу», «Үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту», «Карточкамен жұмыс», «Математикалық ойындар», «Математикалық диктант»,«Тест тапсырмалары», «Бақылау жұмысы».

«Қазақтың қара есебінің шығарылу жолын түсіндіру», «Жеті күнді санау »,« Ай айттары », «Жыл аттары», «Жыл санау », «Мүшел жас», «Жыл мезгілдерінің атаулары», «Тәулік мезгілдерінің атаулары », «Тәулік мезгілінін атаулары», «Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдері» , «Қашықтық өлшемдері», «Тереңдік өлшемдері», «Ауылдық өлшемдері және есептер шығару», «Аудан өлшемдері есептер шығару», «Көлем өлшемдері», «Жұмбақ есептердің шығарылу жолы», «Қорытынды сабақ».

Қисынды ойын есептер және жинақталған логикалық қызықты тапсырмаларды орындайды. Оқушыны тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез есептеуге, өздігімен шешім қабылдауға, салыстыруға үйрету. Сондықтан пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында оқушының ойлау қабілетін қалыптастыру.

«Қисынды есептер кешені» қосымша курсының басты мақсаты:

-Оқушылардың математикаға деген ынтасын арттыру

-Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
-Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру
-Өз бетінше есеп шығаруға машықтандыру
-Оқушылардың математикалық қабілетін анықтап, оны дамыту
-Оқушылардың математикалық білімін тереңдету

« Қисынды есептер кешені» қосымша курсының міндеттері:

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу,ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Қисынды есептер кешені» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады,күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстан бастайды

3 сынып үшін «Қисынды есептер кешені» таңдау курсын оқытуда тақырыптық жылдық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзіімі	Мақсаты
1	Амалдардың қасиеті	1		Амалдардың қасиеті туралы түсінік беру.
2	Нөлмен аяқталатын сандарды көбейту	1		Нөлмен аяқталатын сандарды және бөлу арқылы шығарылу жолын түсіндіру
3	Фигуралардың көлемдерін салыстыру	1		Фигураларды салыстыруды үйрету
4	Сыйымдылық және көлем	1		Сыйымдылық және көлем арқылы практика жүзінде жүзеге асыру
5	Көбейтудің қосуға қатысты үлестірімділік	1		Көбейтудің қосуға қатысты үлестірімділік заңын қолдана білуге үйрету
6	Разрядтық қосылғыштарға жіктеу арқылы екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту	1		Разрядтық қосылғыштарды жіктеу арқылы көбейту мен бөлуді түсіндіру
7	Тура теңсіздіктердің қасиеті	1		Тура теңдіктердің қасиетін салыстыра білу
8	Құрылымы күрделі теңдеулерді шешу	1		Теңдеулерді шешуін арқылы ойлау қабілеттерін қалыптастыру
9	Санның квадраты, санның кубы	1		Санның квадратпен кубын есептеп шығара білуге үйрету
10	Екі таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша бөлу	1		Екі таңбалы сандарды бірт таңбалы сандарға ауызша бөлуді туралы түсініктерін кеңейту

11	Жүздіктерді жүздіктерге ауызша бөлу	1		Жүздіктерді ауызша бөлуге байланысты есептер шығаруға үйрету
12	Үш таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту	1		Үш таңбалы сандарды бір таңбалы сандарға ауызша көбейтуді үйрету
13	Математикалық ойындар	1		Математикалық ойындар арқылы оқушылардың ой өрістерін кеңейту
14	Математикалық диктант	1		Математикалық диктанттар арқылы шапшаңдыққа үйрету
15	Тест тапсырмалары	1		Тест тапсырмалары дұрыс белгілеу арқылы ойлау қабілеттерін қалыптастыру
16	Карточкамен жұмыс	1		Карточкалармен жұмыс жасай білуге үйрету
17	Бақылау жұмыс	1		Бақылау жұмыстарын дұрыс орындай білуге үйрету
18	Қазақтың қара есебінің шығарылу жолын түсіндіру	1		Есеп шығару арқылы ойлау қабілеттерін дамыту
19	Жеті күнді санау	1		Жеті күн атауы мен қазіргі атауды салыстыруға үйрету
20	Ай аттары	1		Ай аттарының мағынасы туралы мәліметтер беру
21	Жыл аттары	1		Қазақша жыл аттары туралы түсіндіру,есептер шығару
22	Жыл санау	1		Жыл санауға үйрету
23	Мүшел жас	1		Мүшел жас туралы түсініктерін кеңейту
24	Жыл мезгілдерінің аттаулары	1		Әр жыл мезгілінің табиғи айырмашылықтарын таба білуге үйрету

25	Тәулік мезгілдерінің атаулары	1		Тәулік мезгілінің атаулары мен таныстыру
26	Тәулік мезгілінің атаулары	1		Есептер шығару
27	Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдері	1		Ұзындық өлшемдерімен таныстыру,қызықты тапсырмалар орындау
28	Қашықтық өлшемдері	1		Қашықтық өлшемдеріне байланысты есептер шығаруға үйрету
29	Тереңдік өлшемдері	1		Есептер шығаруда тереңдік өлшемдері қолдану
30	Ауырлық өлшемдері және есептер шығару	1		Есептер шығаруда ауырлық өмдерін қолдану.
31	Аудан өлшемдері және есептер шығару	1		Фигураның ауданың табуға үйрету
32	Көлем өлшемдері	1		Белгілі бір заттың көлемін табуға үйрету
33	Жұмбақ есептердің шығарылу жолы	1		Жұмбақ есептер шығару,тапсырмалар беру
34	Қорытынды сабақ	1		Таңдау курсына алған білімдерін тапсырмалар беру арқылы қорыту.